

*Ш.Ш.Карбаева, Г.Қ.Маратжанова**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: gmaratjanova@gmail.com*

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Терминологияның жалпы теориясын қалыптастыру ХІХ ғасырға сәйкес келеді, бұл кезең бірқатар жасанды тілдердің (эсперанто, идо, воляпюк және т.б.) құрылуымен ерекшеленеді. Лексика мен сөзжасам құралдарын ретке келтіру бойынша жүйелі зерттеулер жүргізіліп терминологиялық жұмыстың дами бастаған бастапқы кезеңі болды.

Географиялық терминологияны немесе географиялық аппелятивті зерделеу қазіргі кезеңде этнолингвистиканың, тіл ғылымымен шектескен ономастиканың бір бөлігі және география пәнінің топонимикалық бөлігі ретінде өзекті мәселелердің біріне айналуда. Географиялық аппелятивті лексиканың құрамы топонимика мамандары үшін ғана емес, диалектиканы зерттеушілер үшін де әр аймақтың лексикалық бірліктерін анықтауда маңызды. Аппелятивті лексиканы лингвогеографиялық зерделеу тілдің сөздік құрамын, әр аймақтың диалектілерін зерттеуші ғылыми бағытпен тығыз байланысты.

Географиялық терминология үшін ең бастысы сөздің шығу тегі мен аумақтық географиялық аппелятивті лексиканың арақатынасына байланысты.

Географиялық ұғымдар мен терминдер тілі – география ғылымында ұғымдар мен терминдер жалпы ғылыми білімнің негізі ретінде бір-бірімен тығыз байланыстағы біртұтас жүйені құрайды немесе түсіндірмелік-терминологиялық аппараттан тұрады (С.В.Калесник, В.Б.Сочава, Д.Л.Арманд, И.С.Щукин, А.Г.Исаченко, Э.Б.Алаев, В.С.Преображенский, Т.Д.Александрова, т.б.). Географиялық ұғымдар мен терминдер бір-біріне бағыныңқы да келеді. Ғылыми термин географиялық тілге көмекші қызмет, ал ұғым негізгі қызметті атқарады. Себебі, ұғым білімнің мазмұндық-теориялық бөлігін қамтитын ғылыми заңдар мен заңдылықтардың, ілім, теория, тұжырымдар мен болжамдарға тірек қызметін атқарады.

Қазіргі кезде салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан географиялық терминдерге жүйелі талдау жасау мәселелері өзекті болып отыр. Соның ішінде орыс және қазақ тіліндегі географиялық терминология ғылыми терминология құрамында лингвистикалық және функционалдық аспекті тұрғысынан әлі де толық зерттелмеген. Географиялық термин жүйелерінің жан-жақты зерттелмеуі, терминдердің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерінің сипатталмауы, салалық сөздіктердің әлі де толық жеткілікті түрде болмауы кәсіби арнайы географиялық әдебиеттерде терминдерді аударуда қиындық тудырып отыр. Осыған орай, мақалада терминологиялық зерттеулер және географиялық терминологияның қалыптасуының теориялық негіздеріне талдау жасау мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: *географиялық терминология, топонимика, географиялық ұғымдар мен терминдер тілі, халықтық терминдер, жергілікті географиялық терминдер, терминнің функционалдық тұжырымы.*

Карбаева Ш.Ш., Маратжанова Г.К.*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

e-mail: gmaratzanova@gmail.com

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ГЕОГРАФИЧЕСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ

Аннотация

Формирование общей теории терминологии приходится на XIX век, этот период отмечен созданием ряда искусственных языков (эсперанто, идо, воляпюк и др.). Начальным этапом развития терминологической работы стали систематические исследования по упорядочению лексики и словообразовательных средств.

Изучение географической терминологии или географической апелляции на современном этапе становится одной из актуальных проблем этнолингвистики, ономастики, граничащей с наукой о языке, и топонимической частью предмета географии. Состав географической апелляционной лексики важен не только для специалистов по топонимике, но и для исследователей диалектики при определении лекционных единиц каждого региона. Лингвогеографическое изучение апелляционной лексики тесно связано с научной направленностью исследователя словарного состава языка, диалектов каждого региона.

Главное для географической терминологии зависит от соотношения происхождения слова и территориально-географической апелляционной лексики.

Язык географических понятий и терминов-в географической науке понятия и термины как основа общенаучного знания образуют единую систему в тесной взаимосвязи или состоят из объяснительно-терминологического аппарата (С. В. Калесник, В. Б. Сочава, Д.Л.Арман, И. С. Щукин, А. Г. Исаченко, Э. Б. Алаев, В. С. Преображенский, т. д. Александрова и др.). Географические понятия и термины также подчиняются друг другу. Научный термин выполняет вспомогательную функцию для географического языка, а понятие выполняет основную функцию. Это связано с тем, что понятие служит опорой для научных законов и закономерностей, доктрин, теорий, выводов и предположений, охватывающих содержательно-теоретическую часть знания.

В настоящее время актуальны вопросы системного анализа сравнительно-типологических географических терминов. В том числе географическая терминология на русском и казахском языках еще не до конца изучена с точки зрения лингвистического и функционального аспекта в составе научной терминологии. Недостаточное всестороннее изучение географических терминных систем, неописание структурных и семантических особенностей терминов, еще не вполне достаточное количество отраслевых словарей затрудняют перевод терминов в профессиональной специальной географической литературе. В этой связи в статье рассматриваются вопросы терминологических исследований и анализа теоретических основ формирования географической терминологии.

Ключевые слова: *географическая терминология, топонимика, географический язык понятий и терминов, народные термины, местные географические термины, функциональная концепция термина.*

Karbayeva Sh.Sh., Maratzhanova G.K.*
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: gmaratzhanova@gmail.com

THEORETICAL FOUNDATIONS OF THE FORMATION OF GEOGRAPHICAL TERMINOLOGY

Abstract

The formation of the general theory of terminology occurred in the XIX century, this period was marked by the creation of a number of artificial languages (Esperanto, ido, Volyapyuk, etc.). The initial stage in the development of terminological work was systematic research on the ordering of vocabulary and word-formation tools.

The study of geographical terminology or geographical appeal at the present stage is becoming one of the urgent problems of ethnolinguistics, onomastics, bordering on the science of language, and the toponymic part of the subject of geography. The composition of geographical appellate vocabulary is important not only for toponymic specialists, but also for dialectical researchers in determining the lecture units of each region. The linguistic and geographical study of the appellate vocabulary is closely related to the scientific orientation of the researcher of the vocabulary of the language, dialects of each region.

The main thing for geographical terminology depends on the relationship between the origin of the word and the territorial-geographical appellate vocabulary.

The language of geographical concepts and terms -in geographical science, concepts and terms as the basis of general scientific knowledge form a single system in close interrelation or consist of an explanatory and terminological apparatus (S. V. Kalesnik, V. B. Sochava, D. L. Arman, I. S. Shchukin, A. G. Isachenko, E. B. Alaev, V. S. Preobrazhensky, etc. Alexandrova et al.). Geographical concepts and terms also obey each other. A scientific term performs an auxiliary function for a geographical language, and a concept performs a basic function. This is due to the fact that the concept serves as a support for scientific laws and patterns, doctrines, theories, conclusions and assumptions covering the content-theoretical part of knowledge.

Currently, the issues of system analysis of comparative typological geographical terms are relevant. Including geographical terminology in Russian and Kazakh languages has not yet been fully studied from the point of view of linguistic and functional aspects as part of scientific terminology. Insufficient comprehensive study of geographical term systems, non-description of the structural and semantic features of terms, and not yet a sufficient number of industry dictionaries make it difficult to translate terms in professional specialized geographical literature. In this regard, the article discusses the issues of terminological research and analysis of the theoretical foundations of the formation of geographical terminology.

Keywords: *geographical terminology, toponymy, geographical language of concepts and terms, popular terms, local geographical terms, functional concept of the term.*

Негізгі ережелер. «Географиялық терминологияның қалыптасуының теориялық негіздері» тақырыбындағы мақаланың негізгі ойы география ғылымындағы ұғымдарды, анықтамаларды және терминдерді бөліп көрсететін терминологияның тиімділігін анықтау бойынша зерттеу және талдау жасау арқылы географиялық терминологияны теориялық негіздеу қарастырылады.

Кіріспе. Терминология теориясы бойынша алғашқы жұмыстар Еуропада көптеген ғылымдардың қалыптасуымен бір мезгілде жүргізілді. Оның бастамашылары Лавуазье, Линней, Дюрер, Леонардо да Винчи болды. Осы кезеңде терминологияны қалыпқа келтірудің алғашқы әрекеттері орын алып, ғылымның дамуы терминологияны құруды қажет етті. Осы себепті әр ғылым саласы бойынша фактілерді атайтын жаңа сөздердің пайда болуы

кәсіби мамандарды атауларды қамтитын арнайы лексикондарды құру туралы ойландырды.

Кез-келген ғылым салалары сияқты география ғылымындағы ұғымдарды, анықтамаларды және терминдерді бөліп көрсететін өзінің терминологиясы бар. Географиялық терминологияда ұғымдар қоршаған ортаны танып-білумен сипатталады, ал терминдер жіктеленеді. Географиялық ұғымдар мен терминдердің анықтамалары бар, ұғымдарға ғалымдар өз көзқарастары тұрғысынан бірнеше анықтама беруі мүмкін, ал терминнің анықтамасы біреу.

Географияда алғашқы терминді енгізуші Эратосфен (275–195 гг. до н. э.). ол география (гео – Жер, графо – жазу, сипаттау) - Жердің географиялық қабығын, оның даму кезеңдерін сипаттайтын ғылым саласы.

Географиялық терминологияның қалыптасу кезеңдерінің өз тарихы бар. Алғашқы төрт томдық «Ресей империясының географиялық-статистикалық сөздігі» 1863 ж. жарық көреді, соңғы 4 томы 1885 ж. шыққан. Оны құрастыруда Е.И. Ламанскийдің еңбегі зор. Л.С. Берг диалектикалық географиялық лексикаға, оның құндылығына үлкен мән беріп жергілікті географиялық терминологияны «халықтық қолөнер ғылымы» деп атайды.

Материалдар мен әдістер. Географиялық терминологияның қалыптасу кезеңдерінің өз тарихы бар. Алғашқы төрт томдық «Ресей империясының географиялық-статистикалық сөздігі» 1863 ж. жарық көреді, соңғы 4 томы 1885 ж. шыққан. Оны құрастыруда Е.И. Ламанскийдің еңбегі зор. Л.С. Берг диалектикалық географиялық лексикаға, оның құндылығына үлкен мән беріп жергілікті географиялық терминологияны «халықтық қолөнер ғылымы» деп атайды [1].

Ғылыми терминологияны толықтыруда халықтық терминдердің маңызы зор, мысалы геоморфологиялық және ландшафттық жота, төбе, яйла, тайга, тундра сөздерін алуға болады. Тундра және тайга халықаралық терминдерге жатады, ал морена (moraine) терминінің қолданылуына 200 жылдан асты, оның шығу тегі Швейцарлық Альпіде тұратын шаруалардың лексикасынан енген.

Белгілі географ ғалым Я.В. Ханыков алғаш рет 1947 жылы Орыс географиялық қоғамы кеңесіне географиялық терминологияны құрастыру туралы ұсыныс айтады, мысалы, тау, қырат, дала, тундра, т.б. номенклатуралық сөздік ретінде ғана берілмей, ол сөздердің анықтамасын беруді айтады. Я.В. Ханыков «Орыс географиялық терминологиясын» құрастыруда этнографиялық, статистикалық терминдердің және халықтың географиялық лексикалық сөздерінің енгізілуі тиіс және ол ғылымда қолжетімді болу керектігін дәлелдейді. Оның идеясын сол кездегі ірі ғалымдар Н.И. Надеждин, Н.А. Милютин, Н.С. Щукин, П.Ф. Кузьмищев, академик А.И. Шренк, В.И. Даль қолдап, сол жылы географиялық қоғамда Н.И. Надеждиннің жетекшілігімен терминологиялық комиссия құрылады. Оның терминология қатысты алғашқы мақаласы жарық көріп, географиялық нысандардың түріне, көлеміне, құрамына, сапасына, т.б. байланысты жергілікті атаулары, ұғымдары бар екендігіне тоқталады. Содан кейін географиялық қоғамға ресейдің әр аймақтарынан географиялық терминдер келіп түсе бастайды [2].

Термин сөздерге құрылымдық-субстанциалды тәсіл тұрғысынан қарауды жақтаушылар (С. Лотгенің термин жасау мектебі) терминді ерекше сөз немесе лексикалық бірлік ретінде қарастырады. Ал термин сөздерге функционалдық тәсіл тұрғысынан зерттеушілер (В.Г. Гак, Б.Н. Головин, В.И. Перебийнос, В.М. Лейчик, Ф.А. Циткина, Т.И. Панько), термин – ол функция, лексикалық бірліктерді қолдану типі деп дәлелдейді.

Мақалада географиялық білім беру теориясындағы терминологияны зерттеу және жүйелеу әдістерінің сипаттамасы келтірілген, оның негізінде қазіргі жағдайда географиялық білім берудің тұжырымдамалық-терминологиялық жүйесін қалыптастыру әдісінің қажеттілігі негізделген.

Географиялық білім берудің тұжырымдамалық-терминологиялық жүйесін қалыптастыруда тарихи әдіс географиялық білім мазмұнындағы өзгерістерге байланысты

толықтырылып отырады. Бұл әдіс тұжырымдамалық-терминологиялық жүйенің құндылық-мақсатты басымдықтарымен ойластырылған философиялық ұстанымға негізделген [3].

Логико-лингвистикалық әдіс нақтылы бір ғылымның философиялық қорытындылаушы құралы ретінде логика және терминтану заңдылықтарына негізделген. Лингвистикалық зерттеулерде термин сөздердің лингвистикалық белгілері зерделенеді. Географиялық терминологияны зерттеу терминнің функционалдық тұжырымына, яғни, әдеби тілдің функционалдық алуан түрлілігіне сүйенеді [4].

Нәтижелер. География ғылымының айырықша ерекшеліктері географиялық ғылыми тіл арқылы бейнеленеді. Жалпы ғылыми тілге ішкі байланыстылық, біртұтастық, орнықтылық, жалпы ғылыми кіріктірудегі ашықтық сипаты тән. Ғылыми тілді зерттеу ғылымтану, логика, лингвистиканың құзырында, бүгінде ол әлі де болса толық зерттеуді қажет етіп отыр. Қазір әр ғылым саласы өз тілінде, мысалы физика – физикалық ғылыми тілде, химия – химиялық ғылыми тілде, география – географиялық ғылыми тілде сол ғылымның қыр-сырын зерделеуде.

Термин (лат. terminus – сөздің шекарасы, шегі, аяғы) – кез-келген ғылыми салада қолданылатын сөз немесе сөз тіркестері, сондай-ақ ғылым салаларындағы ғылыми ұғымды түсіндіреді. Ал терминология – терминдер жиынтығы. Әрбір ғылым саласының терминдері жүйе құра отырып, кәсіби білім беруде тілдік құрал арқылы түсіндіріледі. Термин ұғымы ғылыми тілімен тікелей байланысты және кез-келген ғылыми салада өте маңызды рөл атқарады, өйткені кез-келген ғылыми-зерттеу жұмысының тұжырымдарының дәлдігі терминнің семантикалық дәлдігіне, бірегейлігі мен нақтылығына байланысты. Географиялық ғылыми тіл күрделі әрі алуан түрлі, себебі география табиғи және қоғамдық құбылыстарды сөзбен жеткізумен қатар, формулалар, күрделі есептер, модельдер арқылы сипаттайды. Қазіргі кезде географиялық ғылыми тіл мен географиялық карта тілі арақатынасы ажыратылды.

Қазіргі кезде географиялық ұғымдар маңызына қарай 7 топқа жіктеліп беріліп жүр, оның 30 жалпы ғылыми және жалпы географиялық ұғымдар, 30 физикалық географиялық және аралас ұғымдар, 30 географиялық ресурстану және геоэкологиялық ұғымдар, 30 халықтар географиясы, геодемографиялық, этнографиялық ұғымдар, 30 экономикалық және саяси географиялық ұғымдар, 15 рекреациялық және медициналық ұғымдар, 15 картографиялық ұғымдар.

Бірінші дәрежедегі ұғымнан екінші дәрежелі ұғым пайда болады, мысалы, географиялық болжам – кешенді, салалық, ғаламдық, аймақтық жергілікті; Атмосфера ұғымынан – атмосфералық циркуляция, атмосфералық фронт, стратосфера, тропосфера, озондық қабат, т.б. Геологиялық жыл санау – кембрийге дейін, палеозой, мезозой, кайназой, палеоген, неоген. Минералды ресурстар – отын, рудалы және рудалы емес.

Екінші дәрежедегі ұғымнан үшінші дәрежелі ұғым пайда болады, мысалы, мезозой эрасы – бор, юра, триас кезеңдері. Отын ресурстары – көмір, мұнай-газ, т.б.

Төртінші дәрежелі ұғымдарды – меридиан, параллель, атмосфералық қысым, судың тұздылығы, шөгінді жыныстар, т.б ғылыми терминдер көұрайды. Бесінші дәрежелі ұғымдар ең қарапайым. таулар, өзендер, батпақтар, террасалар, рудниктер, т.б терминдерден тұрады.

Ұғымдар мен терминдер теориялық білімінің негізін құраса, ал фактілер эмпирикалық білімге негіз болады. Географиялық фактілерсіз ешқандай теория немесе тұжырымдардың дәлелденуі мүмкін емес, сондықтан факт теориялық білімнің негізі. Географиялық ғылым нақтылық пен шынайылықты зерделейді, сондықтан фактілер география ғылымында ілімді, теорияларды, тұжырымдарды, болжамдары негіздеу үшін, оларды нақтылып, түсіндіруде, теория мен практиканың байланыстарын бекітуде, нақтылы құбылыстарды, процестер мен объектілерді сипаттауда қолданылады. Ғылыми фактілер жеке және бағыныңқы маңызға ие, олар I, II, III дәрежелі, т.б фактілер деп жіктеленеді. Мысалы, жердің ғаламдық

шөлейттенуін немесе жер ғаламшарындағы халықтың санының жылдам өсу қарқынын I дәрежелі фактілерге жатқызса, Соколов-Сарыбай рудалы бассейнін игеруді II дәрежелі, Павлодар алюминий зауытының құрылымын салуды III дәрежелі фактілерге жатқызамыз.

Географиялық нысан түрлерінің жиынтық атауы ретінде қолданылып жүрген бұл терминдердің әрқайсысы жекелей алғанда түрлі мағыналарға ие, сондықтан терминге айналу уәждері де әртүрлі. Мысалы, «термин-индикаторлар, күрделі сөздің компоненттері» деп атауда географиялық мағына жоқ, тек сөздің құрылымын лингвистикалық сипаттау ғана бар. Сол секілді «ұлттық географиялық терминдер» белгілі бір тілдің аясымен ғана шектелсе, «детерминативтер» географиялық емес терминдерді де қамтиды, сондықтан мағынасында нақтылықтан гөрі, жалпылық басым. Терминдердің тілде қалыптасуы көп жағдайда ғылыми зерттеулердің тереңдеп, ғылыми ұғым-түсініктердің айқындалуымен бірге жүзеге асатын құбылыс, сондықтан, осындай даулы жағдайларда бұл үдерістің аяқталуы белгілі бір уақыттың өтуін талап етеді. Осы мәселені ескере отырып, топонимиялық ұғымдардың айқындалуын зерделеудің маңызы зор [5, 6].

Қазақ тіліндегі географиялық терминдерді біріздендіру қазіргі өзекті мәселелердің бірі болып табылады, өйткені ғалымдар арасында «халықаралық терминдерді түпнұсқасында қолдану» және «аударып қолдану» секілді пікір қайшылықтары бар. Терминдерді аудару кезінде де авторлар арасында ортақ келісімнің болмауынан баламалы терминдер пайда болып отыр. Осы себептен мақалада сөз болғалы отырған географиялық нысан атаулары түрліше аталып жүр. «Географиялық нысан атаулары» ұғымының өзі бірде «халықтық терминдер», енді бірде «географиялық терминдер» деп аталады. Алғашқысы халық тілінде ертеден келе жатқандықтан солай аталса, географиялық термин ғылым саласының қалыптасуы барысында пайда болған. Ал қазақ тілінде тікелей топонимжасамға қатысатын осы дәстүрлі халықтық терминдерді ономаст ғалымдар арасында түрліше атау бар. Бұл жөнінде Ұ.Ержанова «Географиялық терминдер топоним жасауда актив қызмет атқарып, түрлі позицияларда келе береді. Топоним жасаудағы осындай жан-жақты қызметіне орай ол терминдер топонимикада әртүрлі атауларға ие болып жүр. Оларды ұлттық географиялық терминдер, детерминативтер, термин-индикаторлар, топонимикалық форманттар, я болмаса күрделі сөздің компоненттері», – деп те атау дағдысы қалыптасқанын айтады. Осыған ұқсас пікірге Б.Бияров та тоқталып, «Географиялық термин» ұғымы тіліміздегі жалпы есім, апеллятив, номен, номенклатура, топонимикалық термин ұғымдарымен барабар қолданыла береді», - деген пікір айтады. Ал Қ.Сапаров «батпақ, боз, дала, жазық жер, қақ, қайраң, құм, мойнақ, саз, сор» және басқаларды жер беті жамылғысын сипаттайтын «орографиялық термин» қатарына жатқызады [7, 8].

Географиялық нысан түрлерінің жиынтық атауы ретінде қолданылып жүрген бұл терминдердің әрқайсысы жекелей алғанда түрлі мағыналарға ие, сондықтан терминге айналу уәждері де әртүрлі. Мысалы, «термин-индикаторлар, күрделі сөздің компоненттері» деп атауда географиялық мағына жоқ, тек сөздің құрылымын лингвистикалық сипаттау ғана бар. Сол секілді «ұлттық географиялық терминдер» белгілі бір тілдің аясымен ғана шектелсе, «детерминативтер» географиялық емес терминдерді де қамтиды, сондықтан мағынасында нақтылықтан гөрі, жалпылық басым. Терминдердің тілде қалыптасуы көп жағдайда ғылыми зерттеулердің тереңдеп, ғылыми ұғым-түсініктердің айқындалуымен бірге жүзеге асатын құбылыс, сондықтан, осындай даулы жағдайларда бұл үдерістің аяқталуы белгілі бір уақыттың өтуін талап етеді. Осы мәселені ескере отырып, топонимиялық ұғымдардың айқындалуын зерделеудің маңызы зор.

Қазіргі кезде салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан географиялық терминдерге жүйелі талдау жасау мәселелері өзекті болып отыр. Соның ішінде орыс және қазақ тіліндегі географиялық терминология ғылыми терминология құрамында лингвистикалық және функционалдық аспекті тұрғысынан әлі де толық зерттелмеген.

Географиялық термин жүйелерінің жан-жақты зерттелмеуі, терминдердің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерінің сипатталмауы, салалық сөздіктердің әлі де толық жеткілікті түрде болмауы кәсіби арнайы географиялық әдебиеттерде терминдерді аударуда қиындық тудырып отыр. Лингвистикалық зерттеулерде термин сөздердің лингвистикалық белгілері зерделенеді. Терми сөздерге құрылымдық-субстанциалды тәсіл тұрғысынан қарауды жақтаушылар (С.Лотгенің термин жасау мектебі) терминді ерекше сөз немесе лексикалық бірлік ретінде қарастырады. Ал термин сөздерге функционалдық тәсіл тұрғысынан зерттеушілер (В.Г.Гак, Б.Н.Головин, В.И.Перебийнос, В.М.Лейчик, Ф.А.Циткина, Т.И. Панько), термин – ол функция, лексикалық бірліктерді қолдану типі деп дәлелдейді.

Географиялық терминологияны зерттеу терминнің функционалдық тұжырымына, яғни, әдеби тілдің функционалдық алуан түрлілігіне сүйенеді. Термин – термин жүйесінің бірлігі, ол ғылымның дамуына байланысты бұрынғы ұғымдардың орнына жаңа ұғымдар пайда болып ол үнемі дамып, өзгеріп отырады, яғни, терминдер жүйесінің негізгі белгісі қоғамдағы үздіксіз ғылыми және техникалық прогреспен қатар анықталады.

Географиялық терминдер жүйесіндегі ерекшелік оның семантикалық анықталуы (сөздің екі түрлі мағынада болмауы). Кей жағдайда зерттеушілер ұғымның мазмұнын өзгертіп берген жағдайда оның функционалдық элементтерін сақтау міндетті болып қалады. Географиялық терминологияда кейбір термин сөздер, мысалы география, карта, материал, атлас және т.б. негізгі терминдер болып саналады.

Географиялық терминологиялық зерттеулерде географиялық терминологияның семантикалық ұйымдастырылуы мен функционалдық қасиеттерін айқындау, сондай-ақ географиялық терминдерді құру мәселелері қарастырылуда. Географиялық терминологияның семантикалық ұйымдастырылуы теориялық номинациялау тұрғысынан шешіледі. Қазіргі кезде сандық жүйелер тұрғысынан географиялық терминологияны ретке келтіру, стандарттау, біріздендіру жақсы жолға қойылған.

Қазіргі географиялық терминологиясы генетикалық байланыстар бойынша қалыптасты. Ғылымның осы саласының терминологиясының қалыптасуында географиялық терминологияның ғылымның іргелес салаларымен жүйелі байланысы маңызды. Географиялық терминологияның және ғылымдардың басқа салаларының сөздік ұқсастықтары негізінде:

- жалпы ғылыми;
- географиялық;
- метеорологиялық;
- экологиялық;

- экономикалық және т.б. географиялық терминологиянегізгі терминологиялық топтар бөлінеді. Компоненттік талдаудың көмегімен осы лексикалық бірліктердің терминологиялық мағыналарының бөлігі ретінде «географиялық ұғымдармен корреляция схемасы» анықталады, оның болуы осы терминдердің географиялық терминология жүйесіне енуіне мүмкіндік беретін жүйе құраушы қасиет болып саналады [9].

Талқылаулар. Ғылыми терминологияны толықтыруда халықтық терминдердің маңызы зор, мысалы геоморфологиялық және ландшафтық жота, төбе, яйла, тайга, тундра сөздерін алуға болады. Тундра және тайга халықаралық терминдерге жатады, ал морена (moraine) терминінің қолданылуына 200 жылдан асты, оның шығу тегі Швейцарлық Альпіде тұратын шаруалардың лексикасынан енген. Геоморфология вулканология ғылым салаларындағы кальдера термині испандық caldera, португалдық caldeira – «қазандық», «ошақ» мағынасында.

Қазіргі кезде халықтық географиялық терминдер мен географиялық атауларды зерттеуге қатысты бірқатар зерттеулер жүргізіліп, ол ғылыми терминологияға айналуда. Мысалы, гидролог ғалымдар ортаазиялық қарасу терминін жиі қолданады, сондай ақ географиялық

сөздіктерде алас (якут тілінен), такыр (түркімен), лайда (карель) т.б. ұлттық терминдер қолданыста. 1959 жылы географиялық әдебиеттер баспасынан Э. және В. Мурзаевтардың «Жергілікті географиялық терминдер сөздігі жарық көреді», онда РСФСР дің солтүстік облыстарының, Сібір, Қазақстан, Орталық Азия елдеріндегі термин сөздер толығырақ қамтылған.

Э.М. Мурзаев «Жергілікті географиялық терминдер сөздігін» толықтырып, 1984ж. Москва баспасынан қайта шығарады. Сөздікте ресми дереккөздерде қабылданған елді мекендердің атаулары және сол атаулардың біріккен және жеке жазылуы сақталған. Мысалы Қырғыз мемлекетінде жеке немесе қоссөз жазбалар жиі сақталса, Қазақ елінде ол біріккен сөз ретінде беріледі. Мысалы, Қаратау, ал Қырғызда Қара-Көл, Жалал-Абад, Әзірбайжанда Джалилабад, ауғандарда Джалалабад. Өзбек елінің астанасы Ташкент депзылса, олар өздері Тошкент деп жазады, әзірбайжандар Бакуды-Бақы, түркімендер Ашхабад-Ашгабат, молдавандар Кишинев-Кишинэу және т.б. [8]. Сонымен географиялық терминологияның қалыптасу кезеңдері Эратосфеннен бастап бүгінгі күнге дейін ғалымдардың зерттеу нысанына айналып отыр. Географиядан орыс тілді терминология А.И. Чистобаев, В.В.Бартольд, Р.И.Аболин, Т.А.Шумовский, А.З.Егорин, В.И.Гусаров, т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттеліп, әртүрлі оқу құралдары, сөздіктер, анықтамалықтар, араб тілінен аударма әдебиеттер жарық көрді.

Әр елдің өзіне тән географиялық терминологиялары бар, мысалы, армян елінің географиялық терминологиясын Г.С. Абрамян, В.В. Мазинга эстонияның терминдерін, Г.И.Зардалишвили грузиндердің терминдерін, Б.Ш. Абдиманатов жалпы географиялық ұғымдар мен терминдердің сөздік-анықтамалығын, К.Д. Каймулдинова топонимиканы, Қ.Т.Сапаров қазақ топонимдерінің геоэкологиялық негіздері, топонимиканың геоэкологиялық негіздерін және т.б. зерделеген [10, 11, 12, 13].

Географиялық терминологияны немесе географиялық аппелятивті зерделеу қазіргі кезеңде этнолингвистиканың, тіл ғылымымен шектескен ономастиканың бір бөлігі және география пәнінің топонимикалық бөлігі ретінде өзекті мәселелердің біріне айналуға. Географиялық аппелятивті лексиканың құрамы топонимика мамандары үшін ғана емес, диалектиканы зерттеушілер үшін де әр аймақтың лексикалық бірліктерін анықтауда маңызды. Аппелятивті лексиканы лингвогеографиялық зерделеу тілдің сөздік құрамын, әр аймақтың диалектілерін зерттеуші ғылыми бағытпен тығыз байланысты.

Географиялық терминология үшін ең бастысы сөздің шығу тегі мен аумақтық географиялық аппелятивті лексиканың арақатынасына байланысты. Әрбір ғылым саласының өзіне тән базалық ұғымдары бар. География пәні үшін базалық ұғым «географиялық нысан». Географиялық нысанға Жер ғаламшарына тиесілі оның координаталарын көрсете алатын кез-келген нысан жатады. Тау, өзен-көлдер, орман - ол географиялық нысанды құрайды, мысалы, орман көптеген ағаштардан тұрады, оны жалпы географиялық нысан дейміз.

Географиялық терминологияның құрамы мен тілдік негізі аймақтық топонимдерді этимологиялық зерделеумен байланысты, себебі, географиялық терминдерде шетел тілінен енген топонимдер басым. Мысалы, Ресейдің еуропалық бөлігіндегі солтүстік аумақтарда фин-угор тілінен (вахта-батпақ, осы жерде өсетін өсімдікпен байланысты; йнгир-өзен, топоним сөз; курпага-өзен шұңқырлары, т.б.), батыс, солтүстік-батыс аумақтарда балтық тіліндегі (клиф, дамба, морена, т.б.), оңтүстік аумақтарда түркі тілдерінен шыққан (ағаш, богаз, бююк, кучук, вади, т.б.) географиялық терминдер жиі кездеседі [14,15].

Қорытынды. Қазіргі кезде салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан географиялық терминдерге жүйелі талдау жасау мәселелері өзекті болып отыр. Соның ішінде орыс және қазақ тіліндегі географиялық терминология ғылыми терминология құрамында лингвистикалық және функционалдық аспекті тұрғысынан әлі де толық зерттелмеген.

Географиялық термин жүйелерінің жан-жақты зерттелмеуі, терминдердің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерінің сипатталмауы, салалық сөздіктердің әлі де толық

жеткілікті түрде болмауы кәсіби арнайы географиялық әдебиеттерде терминдерді аударуда қиындық тудырып отыр. Терминнің функционалдық ерекшеліктері терминнің ұғыммен байланысы арқылы көрінеді. Ғылым мен техниканың дамуына қатысты жаңа ұғымдер терминдер арқылы беріледі. Терминдер ұғымдардың арнайы жүйелерімен жасалады. Термин эпистемологиялық функцияны ұғыммен байланыстыру арқылы күшейтіледі. Осыған сүйене отырып, терминология берілген ғылымның терминдер жүйесі ретінде анықталады, олардың әрқайсысы белгілі бір терминдер жүйесіне сәйкес келетін ұғымдар жүйесімен байланысты. Географиялық термин – география ғылымы ұғымын білдіретін терминнің ерекше жағдайы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Омельянович И.Г. Географические понятия и их формирование https://akademy.by/files/documents/MD-MSOP/Geography/Omelyanovich_Geograf_ponyatie.pdf (қаралған күні: 25.08.2024)
2. Рустамов А.М. Географические термины и их источники в топонимии зангезурской зоны // *Litera.* – 2013. – № 2. С. 137-150. DOI: 10.7256/2306-1596.2013.2.666 URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=666
3. Miguel A., Medina R. Commercial legal competitiveness: an analysis of the terminology construction and evolution of the concept // *Journal of Language and Linguistic Studies.* – 2020. – Vol 16, No 4
4. Mike Th., Tracey J. D., Meiko M., Kate R., Lois F. Academic LGBTQ+ Terminology 1900-2021: Increasing Variety, Increasing Inclusivity? // *Journal of Homosexuality.* – 2023. – Volume 70, Issue 11
5. Асадова М.Р. Некоторые аспекты исследования географических терминов в современной терминологии // *Республиканская научно-теоретическая конференция на тему «Проблемы изучения сравнительной типологии языков» – Душанбе, 23-24 января 2016.* – С. 169-172.
6. Картавенко В.С. Географические термины и их роль в образовании топонимов <https://elibrary.ru/item.asp?id=36605331> (қаралған күні: 09.09.2024)
7. Әбдірахманов С.Ә., Базарбаев Қ.Б., Медеу А.Р. Орысша-қазақша географиялық терминдердің сөздігі. Алматы, –2011. – 358б.
8. Қазақстан Республикасы мемлекеттік географиялық атауларының каталогы. Алматы, 2004-2010, Том 1-14.
9. Козлова Г.А. Структура и особенности географической терминологии https://api-mag.kursksu.ru/media/pdf/020-005_FJhTfid.pdf (қаралған күні: 05.09.2024)
10. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – Москва.: Мысль, 1984. – 656 с.
11. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикасы. – Алматы: Эверо, – 2015. – 352 б.
12. Абдиманапов Б.Ш. Словарь-справочник географических понятий и терминов : для учеников, студентов и магистрантов. / Б. Ш. Абдиманапов. – Алматы: КГУ «Карагандинская ОЮБ им. Ж.Бектурова», 2014. – 224 с.
13. Каймулдинова К.Д. Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері / Оқу құралы. – Алматы: Ғылым. 2001. – 92 б.
14. Наурузбаев М. Географический термин как смысловозначительный компонент урбанонима // *Научный журнал «Вестник Актыюбинского регионального университета имени К. Жубанова»*, –2024, – 60(2). <https://doi.org/10.70239/> (қаралған күні: 03.09.2024)
15. Хайрутдинов Д.Р. Географическая терминология: арабские, русские, английские параллели: диссертация ... кандидата филологических наук: Казан. гос. ун-т им. В.И. Ульянова-Ленина. – Казань, 2009. - 2024. – 171 с.

References:

1. Omelyanovich I.G. *Geograficheskie ponyatiya i ih formirovanie* https://akademy.by/files/documents/MD-MSOP/Geography/Omelyanovich_Geograf_ponyatie.pdf (qaralğan küni: 25.08.2024)
2. Rustamov A.M. *Geograficheskie terminy i ih istochniki v toponomii zangezurskoj zony* //Litera. – 2013. –№ 2. S. 137-150. DOI: 10.7256/2306-1596.2013.2.666 URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=666
3. Miguel A., Medina R. *Commercial legal competitiveness: an analysis of the terminology construction and evolution of the concept* //Journal of Language and Linguistic Studies. –2020. – Vol 16, No 4
4. Mike Th., Tracey J. D., Meiko M., Kate R., Lois F. *Academic LGBTQ+ Terminology 1900-2021: Increasing Variety, Increasing Inclusivity?* // Journal of Homosexuality. – 2023. – Volume 70, Issue 11
5. Asadova M.R. *Nekotorye aspekty issledovania geograficheskikh terminov v sovremennoi terminologii* //Respublikanskaia nauchno-teoreticheskaja konferensia na temu «Problemy izucheniya sravnitelnoi tipologii iazykov» – Duşanbe, 23-24 ianvarä 2016. – S. 169-172.
6. Kartavenko V.S. *Geograficheskie terminy i ih röl v obrazovanii toponimov* <https://elibrary.ru/item.asp?id=36605331>(qaralğan küni: 09.09.2024)
7. Äbdirahmanov S.Ä., Bazarbaev Q.B., Medeu A.R. *Oryşsa-qazaqşa geografialyq teriminderdiñ sözdigi*. Almaty, –2011. – 358b.
8. *Qazaqstan Respublikasy memlekettik geografialyq ataularynyñ katalogy*. Almaty, 2004-2010, Tom 1-14.
9. Kozlova G.A. *Struktura i osobenosti geograficheskoi terminologii* https://api-mag.kursksu.ru/media/pdf/020-005_FJhTfid.pdf (qaralğan küni: 05.09.2024)
10. Murzaev E.M. *Slovär narodnyh geograficheskikh terminov*. – Moskva.: Mysl, 1984. – 656 s.
11. Saparov Q.T. *Pavlodar oblysynyñ toponimikasy*. – Almaty: Evero, – 2015. – 352 b.
12. Abdimanapov B.Ş. *Slovär-spravochnik geograficheskikh ponäti i terminov : dlä uchenikov, studentov i magistrantov*. / B. Ş. Abdimanapov. – Almaty: KGU «Karagandinskaia OİUB im. J.Bekturova», 2014. – 224 s.
13. Kaimuldinova K.D. *Qazaq toponimderiniñ etnoekologialyq negizderi / Oqu qūraly*. –Almaty: Ğylym. 2001. – 92 b.
14. Nauruzbaev M. *Geograficheski termin kak smyslorazlichitelnyi komponent urbanonima* // Nauchnyi jurnal «Vestnik Aktübinskogo regionälnoġo universiteta imeni K. Jubanova», –2024, – 60(2). <https://doi.org/10.70239/> (qaralğan küni: 03.09.2024)
15. Hairutdinov. D.R. *Geograficheskaja terminologia: arabskie, ruskie, angliskie paraleli: disertasiya ... kandidata filologicheskikh nauk: Kazan. gos. un-t im. V.İ. Ülänova-Lenina*. – Kazän, 2009. – 2024.– 171 s.